«ҚОСШЫ ҚАЛАСЫНЫҢ ЖОЛАУШЫЛАР КӨЛІГІ ЖӘНЕ АВТОМОБИЛЬ ЖОЛДАРЫ БӨЛІМІ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ «ОТДЕЛ ПАССАЖИРСКОГО ТРАНСПОРТА И АВТОМОБИЛЬНЫХ ДОРОГ ГОРОДА КОСШЫ»

БҰЙРЫҚ

2026 жылға 02 қазан
Қосшы қаласы

ПРИКАЗ

№ 01-05/60
город Косшы

«Қосшы қаласының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарын бекіту туралы

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы Заңының 10-бабының 2-тармағына сәйкес:

1. Қоса беріліп отырған «Қосшы қаласының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттары бекітілсін.

2. «Қосшы қаласының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесінің қызметкерлері осы бұйрықпен таныстырылсын.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Басшының м.а. **С. Рахышев**

Бланк сериялық номері ЖАРАМСЫЗ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ. Қызмет бабына қажетті көшірмелер шектеулі данада жасалады, белгіленген тәртіппен ЕСЕПКЕ АЛЫНАДЫ.
Бланк без серийного номера НЕДЕЙСТВИТЕЛЕН. Копии при служебной необходимости делаются в ограниченном количестве. ЗАВЕРЯЮТСЯ И УЧИТЫВАЮТСЯ в установленном порядке.

2026 жылғы 02 қазан
№ 01-05/60
Бұйрыққа қосымша

1. Жалпы ережелер

1. «Қосшы қаласының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» ММ сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттары (бұдан әрі – сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар) «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы Заңының 10-бабының 2-тармағына сәйкес әзірленді.

2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды әзірлеуші «Қосшы қаласының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» ММ болып табылады.

3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар «Қосшы қаласының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» ММ үшін сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған ұсынымдар жүйесін белгілеуге бағытталған. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды әзірлеудің міндеттері:

1) «Қосшы қаласының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» ММ лауазымды тұлғаларында сыбайлас жемқорлыққа қарсы орнықты мінез-құлықты қалыптастыру;

2) сыбайлас жемқорлық көріністерін уақтылы анықтау және олардың жағымсыз салдарының алдын алу болып табылады.

4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттардың қағидаттары:

1) заңдылық;

2) транспаренттілік;

3) әдептілік;

4) жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін сақтау және оларды сыбайлас жемқорлық көріністерінен қорғау;

5) мүдделер қақтығысына жол бермеу болып табылады.

5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар белгіленген қағидаларды мүлтіксіз сақтауға және сыбайлас жемқорлық көріністерінің алдын алуға бағытталған қызметкерлердің әрекеттері мен шешімдерін айқындайды.

6. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттардың негізінде мынадай жағдайларда сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермеу тұрғысынан лауазымдық міндеттерді орындау бойынша тікелей әрекеттер салынған:

1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт қозғайтын салада жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыру кезінде;

2) өз құзыреті шегінде басқарушылық және өзге де шешімдерді дайындау мен қабылдау кезінде;

3) нормативтік құқықтық актілердің жобаларын дайындау кезінде;

4) тиісті тыныс-тіршілік саласының ерекшелігіне қарай өзге де қоғамдық маңызы бар қатынастар кезінде.

2. «Қосшы қаласының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» ММ жұмыс істейтін адамдардың мінез-құлық (әрекеттер) қағидалары

7. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт қозғайтын салада жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыру кезінде:

1) өздері қабылдайтын шешімдердің заңдылығы мен әділдігін қамтамасыз етуге;

2) жеке сипаттағы мәселелерді шешу кезінде мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, мемлекеттік қызметшілердің және өзге де адамдардың қызметіне ықпал ету үшін қызметтік бабын пайдаланбауға;

3) шындыққа жанаспайтын мәліметтерді таратпауға;

4) заңмен тәртіптік, әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық көзделген теріс қылықтар мен өзге де құқық бұзушылықтарды жасауға жол бермеуге;

5) басқа мемлекеттік органдардың, ұйымдардың және кәсіпкерлік субъектілерінің қызметіне заңсыз араласуға жол бермеуге.

8. Өз құзыреті шегінде басқарушылық және өзге де шешімдерді дайындау мен қабылдау кезінде:

1) мүдделер қақтығысының, лауазымдық міндеттерін орындау кезінде жеке мүдделіліктің туындағаны, сыбайлас жемқорлық мінез-құлқына көндіру және сыйлықтар алу туралы, сыбайлас жемқорлықтың белгілі болған фактілері туралы тікелей немесе жоғары басшыға баяндауға;

2) лауазымдық міндеттерін орындау кезінде жеке және пайдакүнемдік мүдделерді басшылыққа алмауға;

3) әріптестеріне және басшыларға олардың тарапынан бүрмаланбайтын қызметтік шешім қабылдануына ықпал етуі мүмкін, қалыптасқан қарым-қатынас тәртібін бұзатын заңсыз өтініштермен жүгінуден тартынуға;

4) өзге де адамдарды сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға көндірмеуге және ынталандырмауға;

5) лауазымдық өкілеттіктерді пайдалана отырып мүліктік пайда, игілік не артықшылықтар алу үшін әріптестеріне, басшыларға және өзге де лауазымды тұлғаларға сыйлықтар сыйламауға және қызметтік емес қызметтер көрсетпеуге;

6) лауазымдық өкілеттіктерін орындауға байланысты сыйлықтарды қабылдамауға;

7) мүліктік және мүліктік емес игіліктер мен артықшылықтар алу немесе өндіріп алу мақсатында таратылуға жатпайтын қызметтік және өзге де ақпаратты пайдаланбауға;

8) егер лауазымға тағайындалу жақын туыстық қатынастардағы адамдардың (ата-аналары, жубайлары, аға-інілері, ана-сіңлілері/қарындастары, балалары) тікелей бағыныстылығымен немесе бақылауында болуымен байланысты болса, одан бас тартуға;

9) біреуге табыс табуға байланысты кәсіпкерлік және өзге де қызметті жүзеге асыруда жәрдем көрсетуден тартынуға;

10) үшінші тұлғалардың мүдделерін білдіруден немесе лоббизм жасаудан, сол сияқты олардың атынан әрекеттер жасаудан тартынуға;

9. Мемлекеттік қызметтерді көрсету және рұқсат беру құжаттарын беру кезінде лауазымды тұлғаларға:

1) мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын арттыру бойынша тұрақты негізде шаралар қабылдау;

2) мемлекеттік қызметтерді және рұқсат беру құжаттарын алуға өтініштерді қарау кезінде төрешілдікке (созбалаңға) жол бермеу, оларды белгіленген мерзімде беру;

3) мемлекеттік қызметтерді және рұқсат беру құжаттарын алуға өтініш білдірген тұлғалармен қызметтен тыс қарым-қатынасқа түспеу;

4) мемлекеттік қызметті көрсету, рұқсат беру құжаттарын алу үшін бекітілген тізбеге кірмейтін қосымша құжаттарды, сондай-ақ ақпараттық жүйелерден алуға болатын құжаттарды талап етпеу және сұратпау ұсынылады.

10. Құзыретіне кіретін жеке және заңды тұлғаларды тексеруді ұйымдастыру кезінде лауазымды тұлғаларға:

1) тексеру субъектілерінің заңмен қорғалатын құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына жол бермеу;

2) тексерілетін субъектілерге заңсыз талаптар қоймау, тексеру мәніне қатысы жоқ өтініштермен жүгінбеу;

3) тексеруді жүргізу кезінде тексерілетін субъектіге тексеру мәніне қатысты қажетті ақпаратты ұсыну;

4) жеке және пайдакүнемдік мүдделерде кәсіпкерлік қызмет субъектілеріне жебеушілік (патронаж) көрсетпеу;

5) тексеруді жүзеге асыру кезінде тексерілетін кәсіпкерлік субъектілерінен тексеру мәніне қатысы жоқ құжаттарды талап етпеу;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларды қоспағанда, кәсіпкерлік субъектісінің келісімінсіз лауазымдық міндеттерін орындау күшіне қарай белгілі болған коммерциялық құпияны құрайтын ақпаратты таратуға және (немесе) пайдалануға жол бермеу ұсынылады.

11. Әкімдік қызметкерлерін іріктеу және орналастыру бойынша кадр жұмысын ұйымдастыру кезінде мемлекеттік мекеменің басшылары мен лауазымды тұлғаларына:

1) меритократия қағидатын басшылыққа алу;

2) әкімшілік мемлекеттік лауазымға қабылдау кезінде лауазымды тұлғаларға жүктелетін негізгі міндеттерді, тыйымдар мен шектеулерді түсіндіру;

3) кадрларды іріктеу кезінде Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтау;

4) қызметкерлер мен әкімшілік мемлекеттік лауазымға кандидаттардың дербес деректері туралы мәліметтерді негізсіз беруге жол бермеу;

5) әкімшілік мемлекеттік лауазымға жұмысқа орналасатын кандидаттардан заңнамада көзделмеген құжаттарды талап етпеу ұсынылады.

12. Нормативтік құқықтық актілердің жобаларын дайындау кезінде:

1) нормативтік және құқықтық актілердің жобаларын Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес әзірлеу;

2) жеке кәсіпкерлік субъектілерінің мүдделерін қозғайтын нормативтік құқықтық актілердің жобаларын сараптамалық қорытынды алу үшін міндетті түрде түсіндірме жазбаны қоса бере отырып, жеке кәсіпкерлік субъектілерінің аккредиттелген бірлестіктеріне және Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасына, соның ішінде осы жобаны мүдделі мемлекеттік органдармен кейінгі әрбір келісу кезінде де жіберу;

3) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын ескере отырып, ашық нормативтік құқықтық актілердің интернет-порталында қоғамдық талқылау үшін нормативтік құқықтық актілердің жобаларын орналастыру;

4) тіркелген нормативтік құқықтық актілердің көшірмелерін Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкіне, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізіліміне ресми жариялауға, сондай-ақ кейіннен ресми жариялауға жіберу.

13. Тыныс-тіршілік саласының ерекшелігіне қарай өзге де қоғамдық маңызы бар қатынастар кезінде:

1) бағыныстағы лауазымды тұлғалардың міндеттері мен қызметтік өкілеттіктерінің көлемін нақты және айқын айқындау;

2) бағыныстағы лауазымды тұлғалар арасында еңбек жүктемесінің тең бөлінбеуіне жол бермеу;

3) олардың қызметінің нәтижелерін бағалау, сондай-ақ көтермелеу және жазалау шараларын қолдану кезінде әділдік пен объективтілікті таныту;

4) көрінеу орындалмайтын немесе олардың лауазымдық міндеттерінің шегінен шығатын, сондай-ақ заңнамаға қайшы келетін өкімдер бермеу;

5) қызметтен тыс сипаттағы мәселелерді шешу кезінде бағыныстылардың қызметіне ықпал ету үшін қызметтік бабын пайдаланбау;

6) бағыныстыларды сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға мәжбүрлемеу;

7) бағыныстылар мен басқа да лауазымды тұлғалар тарапынан сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама нормаларын бұзу фактілеріне жол бермеу және олардың жолын кесу;

8) әріптестерінің оз лауазымдық міндеттерін орындауы барысында туындаған мүдделер қақтығысын реттеу бойынша уақтылы толық шаралар қабылдау;

9) сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша толық шаралар қабылдау;

10) лауазымы немесе жұмысы бойынша жоғары тұрған не төмен тұрған, немесе өзіне өзгедей тәуелділіктегі лауазымды тұлғамен ақшалай немесе озге де мүліктік сипаттағы құмар ойындарға қатыспау.

Приложение к приказу
от 02 октября 2026 года
№ 01-05160

1. Общие положения

1. Антикоррупционные стандарты ГУ «Отдел пассажирского транспорта и автомобильных дорог города Косшы» (далее - антикоррупционные стандарты) разработаны в соответствии с пунктом 2 статьи 10 Закона Республики Казахстан от 18 ноября 2015 года «О противодействии коррупции».

2. Разработчиком антикоррупционных стандартов является ГУ «Отдел пассажирского транспорта и автомобильных дорог города Косшы».

3. Антикоррупционные стандарты направлены на установление для ГУ «Отдел пассажирского транспорта и автомобильных дорог города Косшы» системы рекомендаций, направленной на предупреждение коррупции.

4. Задачами разработки антикоррупционных стандартов являются:

1) формирование устойчивого антикоррупционного поведения у должностных лиц, ГУ «Отдел пассажирского транспорта и автомобильных дорог города Косшы».

2) своевременное выявление коррупционных проявлений и предотвращение их негативных последствий.

5. Принципами антикоррупционных стандартов являются:

1) законность.

2) транспарентность.

3) этичность.

4) соблюдение прав и законных интересов физических и юридических лиц и их защита от коррупционных проявлений.

5) недопущение конфликта интересов.

5. Антикоррупционные стандарты определяют действия и решения лиц, работающих в ГУ «Отдел пассажирского транспорта и автомобильных дорог города Косшы», направленные на неукоснительное соблюдение установленных правил и предотвращение коррупционных проявлений.

6. В основе антикоррупционных стандартов заложены непосредственные действия по исполнению должностных обязанностей с точки зрения недопущения проявлений коррупции при:

1) реализации прав и законных интересов физических лиц и юридических лиц в сфере, затрагиваемой антикоррупционным стандартом.

2) подготовке и принятии управленческих и иных решений в пределах своей компетенции.

3) подготовке проектов нормативных правовых актов.

4) иных общественно-значимых отношениях в зависимости от специфики соответствующей сферы жизнедеятельности.

2. Правила поведения (действий) лиц, работающих в ГУ «Отдел пассажирского транспорта и автомобильных дорог города Косшы»

7. При реализации прав и законных интересов физических и юридических лиц в сфере, затрагиваемой антикоррупционным стандартом:

1) обеспечивать законность и справедливость принимаемых ими решений.

2) не использовать служебное положение для оказания влияния на деятельность государственных органов, организаций, государственных служащих и иных лиц при решении вопросов личного характера.

3) не распространять сведения, не соответствующие действительности.

4) не допускать совершения проступков и иных правонарушений, за которые законом предусмотрена дисциплинарная, административная либо уголовная ответственность.

5) не допускать незаконное вмешательство в деятельность других государственных органов, организаций и субъектов предпринимательства.

8. При подготовке и принятии управленческих и иных решений в пределах своей компетенции:

1) докладывать непосредственному или прямому руководителю о возникновении конфликта интересов, личной заинтересованности при исполнении служебных обязанностей, о склонении к коррупционному поведению и получению подарков, о ставших известными фактах коррупции.

2) не руководствоваться личными и корыстными интересами при исполнении должностных обязанностей.

3) воздерживаться от обращения к коллегам и руководителя с неправомерными просьбами, нарушающими установленный порядок взаимоотношений, которые могут оказать влияние на принятие ими беспристрастного служебного решения.

4) не склонять и не поощрять других лиц на совершение коррупционных правонарушений.

5) не дарить коллегам, руководителям и иным должностным лицам подарки и не оказывать неслужебные услуги для получения с использованием должностных полномочий имущественной выгоды, блага либо преимущества.

6) не принимать подарки в связи с исполнением должностных полномочий.

7) не использовать служебную и иную информацию, не подлежащую распространению, в целях получения или извлечения имущественных и неимущественных благ и преимуществ.

8) отказаться от назначения на должность, если она связана с непосредственной подчиненностью или подконтрольностью лиц, состоящих в близких родственных отношениях (родители, супруги, братья, сестры, дети).

9) воздерживаться от оказания содействия кому-либо в осуществлении предпринимательской и иной деятельности, связанной с извлечением доходов.

10) воздерживаться от предоставления или лоббирования интересов третьих лиц, а равно совершения действий от их имени.

9. При оказании государственных услуг и выдаче разрешительных документов должностным лицам рекомендуется:

1) на постоянной основе принимать меры по повышению качества оказания государственных услуг.

2) не допускать волокиту при рассмотрении заявлений на получение государственных услуг и разрешительных документов, выдавать их в установленные сроки.

3) не вступать во внеслужебные отношения с заявителями на получение государственных услуг и разрешительных документов.

4) не требовать и не запрашивать представления дополнительных документов, не входящих в утвержденный перечень для оказания государственной услуги, получения разрешительных документов, а также документов, которые могут быть получены из информационных систем.

10. При организации проверок юридических и физических лиц, входящих в компетенцию, должностным лицам рекомендуется:

1) не допускать нарушение охраняемых прав и законных интересов субъектов проверки.

2) не предъявлять к проверяемым субъектам незаконные требования, не обращаться с просьбами, не относящимися к предмету проверки.

3) предоставлять проверяемому субъекту необходимую информацию, относящуюся к предмету проверки при её проведении.

4) не оказывать протекцию субъектам предпринимательской деятельности в личных и корыстных интересах.

5) при осуществлении проверок не требовать у проверяемых субъектов предпринимательства документы, не относящиеся к предмету проверки.

6) не допускать без согласия субъекта предпринимательства распространения и (или) использования ставшую известной в силу выполнения должностных обязанностей информацию, составляющую коммерческую тайну, за исключением случаев, установленных законодательством Республики Казахстан.

11. При организации кадровой работы по подбору и расстановке работников акимата, руководителям и должностным лицам органов государственного учреждения рекомендуется:

1) руководствоваться принципом меритократии;

2) при приеме на административную государственную должность разъяснять основные обязанности, запреты и ограничения, налагаемые на должностных лиц.

3) соблюдать требования законодательства Республики Казахстан при подборе кадров.

4) не допускать необоснованной передачи сведений о персональных данных работников и кандидатов на административно государственную должность.

5) не требовать от кандидатов на работу на административно государственную должность документы, не предусмотренные законодательством.

12. При подготовке проектов нормативных правовых актов.

1) разрабатывать проекты нормативных и правовых актов в соответствии с требованиями законодательства Республики Казахстан.

2) направлять проекты нормативных правовых актов, затрагивающих интересы субъектов предпринимательства, в аккредитованные объединения субъектов частного предпринимательства и Национальную палату предпринимателей Республики Казахстан с обязательным приложением. пояснительной записки для получения экспертного заключения, в том числе при каждом последующем согласовании данного проекта с заинтересованными государственными органами.

3) размещать проекты нормативных правовых актов для публичного обсуждения на интернет-портале открытых нормативных правовых актов с учетом требований законодательства Республики Казахстан.

4) направлять копии зарегистрированных нормативных правовых актов на официальное опубликование в Эталонный контрольный банк нормативных правовых актов Республики Казахстан. Реестр государственной регистрации нормативных правовых актов, а также на последующее официальное опубликование.

13. При иных общественно значимых отношениях в зависимости от специфики сферы жизнедеятельности.

1) конкретно и четко определять задачи и объем служебных полномочий подчиненных должностных лиц.

2) не допускать неравномерного распределения трудовой нагрузки между должностными лицами, находящимися подчинении.

3) проявлять справедливость и объективность при оценке результатов их деятельности, а также применении мер поощрения и взысканий.

4) не отдавать явно невыполнимых распоряжений или выходящих за рамки их должностных обязанностей, а также противоречащих законодательству.

5) не использовать служебное положение для оказания влияния на деятельность подчиненных при решении вопросов внеслужебного характера.

6) не принуждать подчиненных к совершению коррупционных правонарушений.

7) не допускать и пресекать факты нарушения норм антикоррупционного законодательства со стороны подчиненных и других должностных лиц;

8) своевременно принимать исчерпывающие меры по урегулированию конфликта интересов, возникшего у коллег в ходе выполнения ими своих должностных обязанностей.

9) принимать исчерпывающие меры по предупреждению коррупции.

10) не участвовать в азартных играх денежного или иного имущественного характера с вышестоящим либо нижестоящим, либо находящимся с ним в иной зависимости по службе или работе должностным лицом.